1.1 Су-газ өткізетін құбыр (СГК) – цилиндрлік пішіндегі, іші қуыс және құбырлы металл илек санатына жататын болат қорытпасынан жасалған профиль. Бұл топқа су құбырлары мен газ құбырлары, жылыту жүйелері, сондай-ақ су және газ өткізетін құбырлардың бөлшектері үшін қолданылатын цилиндрлік бұрандасы бар және бұрандасыз мырышталмаған және мырышталған болат дәнекерленген құбырлар жатады.

Құбырлар МЕМСТ 3262-75 «Су-газ өткізетін болат құбырлар. Техникалық шарттар» талаптарына сәйкес дайындалуға тиіс.

Құбырлар өлшемі бойынша ерекшеленеді:

- шартты келу диаметрі (DN) бойынша;
- қабырға қалыңдығы бойынша.

Қабырға қалыңдығына байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

- жеңіл, қабырға қалыңдығы 1,8-ден 1,4 мм-ге дейін;
- кәдімгі, қабырға қалыңдығы 2,0-ден 4,5 мм-ге дейін;
- күшейтілген, қабырға қалыңдығы 2,5-тен 5,5 мм-ге дейін.

Құбыр ұзындығы бойынша 4-тен 12 м-ге дейін өлшеммен дайындалады:

- әрбір кесікке 5 мм әдіппен және 10 мм артық бүкіл ұзындыққа бойлық ауытқумен өлшемдік немесе еселік өлшемдік ұзындық;
- өлшемдік емес ұзындық.

Дайындаушының тұтынушымен келісуі бойынша өлшемдік емес құбырлар топтамасында ұзындығы 1,5-тен 4 м-ге дейінгі құбырлардың 5%-на дейін рұқсат етіледі.

Құбырлардың 1 м ұзындыққа қисықтығы мм-ден аспауы керек:

- 2 - шартты өтуі қоса алғанда 20 мм-ге дейін құбырлар үшін;
- 1,5 - шартты өтуі 20 мм-ден асатын құбырлар үшін.



Құбырлардың беті таза және жарықтарсыз, бетақтаусыз, ісінуші және батыңқы жерлерсіз тегіс болуы керек. Құбырлардың бүйіржақтары жарықтарсыз және қыртыстарсыз тегіс болуы керек. Жекелеген жаншылған жерлерге, шұңқырларға, сызықкіздерге, тазалау іздеріне және өндіріс тәсіліне байланысты басқа да ақауларға, сондай-ақ тексеруге кедергі келтірмейтін отқақ қабатына жол беріледі.

Мырышталған құбырлар бүкіл бетінде қалыңдығы кемінде 30 мкм тұтас мырышпен қапталған болуы керек.

Құбырлардың ұштары мен бұрандасында мырыш жабынының болмауына рұқсат етіледі. Мырышталған құбырлардың беті көпіршектіліксіз, бөгде қосындыларсыз (гартцинк, тотқытар, жабысқан шикіқұрам), негізгі металдан жабынды қатпарлануынсыз таза болуға тиіс. Құбырларды көтергіш құрылғылармен қармаудың жеке флюстік дақтары мен іздерінің, кедір-бұдырлықтың және мырыштың шамалы жергілікті қатпарының болуына рұқсат етіледі.

Болат су-газ өткізетін құбырлардың жалпы көрінісі 1-суретте көрсетілген.



**1-сурет - Болат су-газ өткізетін құбырлардың жалпы көрінісі**

### *Таңбалау*

Бұйымдарды таңбалау бұйымдардың бетінде, оның ішінде заттаңбада және/немесе затбелгіде (затбелгілерде) орындалуы мүмкін. Сыртқы диаметрі қоса алғанда 159 мм-ге дейінгі құбырларды таңбалау әрбір пакетке немесе байламға бекітілетін затбелгіге салынуға тиіс.

Құбырлардың бетін таңбалау келесі тәсілдердің бірімен: лазермен, таңбалаумен, бүрлеумен, электрографпен, сырмен, сиямен жүзеге асырылады немесе затбелгіге салынады. Таңбалаудың бірнеше тәсілдерін үйлестіруге рұқсат етіледі.

### *Тасымалдау және сақтау*

Бұйымдар жүктерді тасымалдау және бекіту қағидаларына, көліктің осы түрінде қолданылатын тиеу-түсіру шарттарына сәйкес теміржол, автомобиль, авиация немесе су көлігімен тасымалдануға тиіс.

Тиеу-түсіру операцияларын қоса алғанда, тасымалдау бұйымдардың зақымдануына жол бермеуі керек.

Ұзын құбырларды тиеу-түсіру үшін жүк көтергіш крандарды пайдаланған кезде бекітілген ілмектеу схемаларына сәйкес ілмектері бар кең қармауыш траверстерді, вакуумдық траверстерді немесе механикалық траверстерді қолдану керек.

Бұрандалы құбырларды тиеу немесе түсіру тек орнатылған бұрандалы сақтандыру бөлшектерімен жүзеге асырылуы керек.

Тұтынушыда сақтау және қоймалау кезінде бұйымдар топтамалар, өлшемдер, болат маркалары, беріктік кластары (топтары), бұрандалы жалғанымдардың түрлеріне және т.б. бойынша бөлінуі керек.

Құбырлар қатарға немесе сөрелерге салынып сақталуы керек. Құбырларды, пакеттерді және құбырлардың байламдарын төсемдерсіз болат немесе бетон еденге, сондай-ақ жерге және темір жолдарға салуға жол берілмейді.

### **1.2 Болат дәнекерлеу сымы**

Дәнекерлеу сымы – бұл белгілі бір химиялық құрамдағы, диаметрдегі, пішіндегі, өндіріс түріндегі бұйым. Сым дәнекерлеу жұмыстарын қорғаныш газдары ортасында қолмен, автоматты немесе жартылай автоматты режимде орындау кезінде қоспа ретінде қолданылады. Сымның ерекшеліктері дәнекерлеу жұмыстарын орындау кезінде оның бір мезгілде электрод пен қосымды материалдың функцияларын орындауында. Ток көзінен, ток ажыратқыш ұшы арқылы кернеу сымға беріліп, қоспаның ұшы мен бұйымның арасында электр доғасын түзеді. Металл дәнекерлеу ваннасын жасау және жапсарды қалыптастыру арқылы балқиды.

Сым - орамдарда, шарғыларда, иіршіктерде немесе жеке өзектермен (шыбықтармен) жеткізілетін металл талшық.

Беткі қабатының түріне қарай төмен көміртекті және қоспаланған сым мынадай болып бөлінеді:

- мысталмаған;
- мысталған - (М).

Дәнекерлеу сымының диаметрі 0,3-тен 12 мм-ге дейін.

Дәнекерлеу сымының диаметрі дәнекерленетін бөлшектердің қалыңдығына сәйкес таңдалады.

Құрамы бойынша дәнекерлеу сымы болат, алюминий, мысталған, ұнтақты, тот баспайтын болады.

Тұтас қималы сым - белгілі бір диаметрлі металдың тұтас массиві. Сымның қорғаныш жабыны жоқ, ол қорғаныш газының ортасында дәнекерлеу кезінде қосымды материал ретінде қолданылады.

Сым МЕМСТ 2246-70 «Болат дәнекерлеу сымы. Техникалық шарттар» талаптарына сәйкес дайындалуға тиіс.

Дәнекерлеу сымының жалпы көрінісі 2-суретте көрсетілген.



**2-сурет – Дәнекерлеу сымының жалпы көрінісі**

Сымның беті таза және тегіс, жарықтарсыз, қатпарларсыз, бетақаусыз, ойықсыз, шұңғылшаларсыз, жапырылымсыз, қақсыз, тот баспаған, май және басқа ластағыштардан таза болуы керек. Сымның бетінде сызықыздердің (оның ішінде созылық), сызаттардың, жергілікті дақтардың және жеке майсықан жерлердің болуына рұқсат етіледі. Аталған ақаулардың тереңдігі сымның диаметрі бойынша шекті ауытқудан аспауы керек.

*Тасымалдау және сақтау*

Сым көліктің осы түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жабық көлік құралдарының барлық түрлерінде тасымалданады.

Сым жабық қойма үй-жайында сақталуы керек.

Міндетті сертификаттауға жататын материалдардың ҚР сәйкестік сертификаты болуы тиіс. Қолдану тәжірибесі жоқ және республика аумағында қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттары жоқ импортталатын құрылыс материалдары мен бұйымдарының ҚР сәйкестік сертификаты болуы тиіс.

## **2 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы**

### **2.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру**

2.1.1 Болат құбырлардан жасалған ішкі газбен жабдықтау құбырларын төсеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу

кезінде ҚР ҚН 1.03-00-2022, ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 4.03-01-2011 басшылыққа алу керек және оларды жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкес орындау қажет.

2.1.2 Жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін келесі жұмыстар орындалуы керек:

- аражабындар, қабырғалар мен арақабырғаларды монтаждау;
- құбырларды төсеу үшін қажетті қабырғалардағы, арақабырғалардағы, аражабындардағы тесіктерді дайындау;
- құбырлар төсемін орнату орындарында қабырғалар мен тауашалардың беттерін сылау (немесе қаптау);
- жауапты жұмыстарды орындаушыны тағайындау;
- бригадирлерді жұмыстарды жүргізу жобасымен таныстыру;
- жұмысшыларды құралдармен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
- құрылыс алаңын өртке қарсы мүкәммалмен және сигнал беру құралдарымен қамтамасыз ету;
- жұмыс аймағына қажетті материалдарды, құралдарды, құрылғыларды жеткізу.

Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитариялық гигиена және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, өндірістік процесс талаптарына және жұмыстарды орындау жағдайларына сәйкес дайындалуға тиіс.

2.1.3 Болат құбырлардан жасалған ішкі газбен жабдықтау құбырларын төсеу бойынша жұмыстарды келесі құрамдағы буын орындайды:

- 4-разрядты санитарлық-техникалық жүйелер мен жабдықтарды монтаждаушы – 1 адам;
- 4-разрядты газбен және электрмен дәнекерлеуші - 1 адам;
- 2-разрядты жүк ілдіруші - 2 адам;
- 6-разрядты автомобиль кранының машинисі – 1 адам;
- 5-разрядты мұнаралы кран машинисі – 1 адам;

## **2.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы**

2.2.1 Болат құбырлардан жасалған ішкі газбен жабдықтау құбырларын төсеу бойынша жұмыстар келесі технологиялық ретпен орындалуы керек:

а) дайындық жұмыстары.

б) негізгі жұмыстар:

- *құбырларды дәнекерлеп жалғай отырып жобалық жағдайға төсеу.*

в) қосалқы жұмыстар

- *материалдарды түсіру және тасу.*

г) қорытынды жұмыстар.

### **2.2.2 Дайындық жұмыстары**

Жұмыстарды жүргізушіден тапсырмалар алғаннан кейін, жұмыс буындары нұсқамалар журналына қол қойғызып, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамадан өтеді. Жеке қорғану құралдарын, материалдарды, құралдарды алады.

### 2.2.3 Негізгі жұмыстар

Ғимараттардағы газ құбыры ашық түрде салынады. Монтаждау үшін болат құбырлар қолданылады. Құбырлардың барлық жалғанымдары дәнекерлеу тәсілімен жүргізіледі, бұрандалы жалғанымдарға тұтыну аспаптары немесе бекіту арматурасы қосылған жерлерде ғана рұқсат етіледі.

Газ құбырын монтаждау құбырды төсеу орындарын белгілеуден басталады. Тұрғын үйлерде газ тікқұбырлары ас үйге салынады; тікқұбырларды баспалдақ торлары мен дәліздерге салуға рұқсат етіледі. Тұрғын үй-жайларда, ванна бөлмелерде және санитарлық тораптарда тікқұбырларды салуға жол берілмейді.

Газ құбырларын фрамугалар, жақтаулары, терезе немесе есік қораптары, жұқа тактай қабырғалар және уақытша арақабырғалар арқылы салуға рұқсат етілмейді. Жалғанымдарды ғимараттар мен құрылыстардың қабырғаларына, арақабырғаларына және басқа да конструкцияларына орналастыруға жол берілмейді.

Газ құбырларының желдету шахталарымен, ауа арналарымен және түтіндіктермен қиылысуына жол берілмейді.

Болат құбырлардан жасалған газбен жабдықтау құбырларын төсеу кезінде мыналар қамтамасыз етілуге тиіс:

- жалғанымдардың саңылаусыздығы;
- болат құбырлардың түзу учаскелерінің түзу сызықтығы және сынудың болмауы;
- жобада көзделген еңістерді сақтау;
- құбырларды сенімді бекіту.

Дәнекерлеу кезінде бұрандалы беткі қабаттар мен ернемектер айнасының беттері балқытылған металдың шашырауы мен тамшыларынан қорғалуы керек.

Шартты өтуі қоса алғанда 40 мм-ге дейінгі құбырлардың иілу радиусы сыртқы D кемінде 2,5, ал шартты өтуі 50 мм және одан астам құбырлар құбырдың сыртқы D кемінде 3,5 құрауы тиіс.

Үй-жайлардың ішінде газ құбырларын ашық төсеу кезінде газ құбырын және оған орнатылатын арматураны монтаждау, қарап тексеру және жөндеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылыс конструкцияларынан, технологиялық жабдықтардан және басқа мақсаттағы құбырлардан қашықтық сақталуға тиіс.

Құбырларды бекіту.

Құбырларды жобалық жағдайда бекіту қамыттардың, бекіткіштердің, қапсырмалардың және басқа да бекіту бұйымдарының көмегімен орындалады. Бекіткіштердің беті құбырларға механикалық зақым келтіру мүмкіндігіне жол бермейтіндей болуы тиіс. Бекіту құралдарын құбырларды жалғау орындарына орналастыруға болмайды. Қамыттардың, бекіткіштердің, қапсырмалардың өлшемдері құбырлардың диаметрлеріне қатаң сәйкес келуі керек.

Ашық төсеу кезінде болат газ құбырларының бекіткіштері газ құбырының бұрылу орындарында, шүмектердің жанында және аспаптардың алдындағы еңістерде, сондай-ақ құбырлардың жол берілмейтін жылжуын болдырмайтындай белгілі бір аралықтар арқылы орнатылады.

Болат құбырларды төсеу 3-суретте көрсетілген.



**3-сурет – Болат құбырларды төсеу**

Аражабындар, ішкі қабырғалар мен арақабырғалар қиылысатын жерлердегі құбырларды жанбайтын материалдардан жасалған гильзаларда төсеу керек; гильзалардың шеттері қабырғалардың, арақабырғалар мен төбелердің беттерімен бір деңгейде, бірақ таза еденнің бетінен 30 мм жоғары болуы тиіс.

#### 2.2.4 Қосалқы жұмыстар

Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан түсіру жүк көтергіштігі 10 тонна мұнаралы кранмен жүзеге асырылады. Материалдарды жұмыстарды жүргізу орнына тасу қолмен жүзеге асырылады.

#### 2.2.5 Қорытынды жұмыстар

Жұмыс ауысымының соңында жұмысшылар жұмыс орындарын жинап, құрал-саймандарды және мүкәммалды қоймаға тапсырады.

### 3. Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі

3.1 Технологиялық операциялардың тізбесі мен жұмыстардың көлемі А.3.1 кестесінде келтірілген.

#### А.3.1 кестесі – Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі Диаметрі 40 мм-ге дейінгі құбырларды төсеу

*Процесс өлшеуіші: 10  
Процесс өлшем бірлігі: м*

Код	Операциялар тізбесі	Өлшем бірлігі	Жұмыстардың көлемі
1	2	3	4
<b>1</b>	<b>Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан ж/к 25 тонна автомобиль кранымен түсіру</b>	<b>т</b>	<b>0,028</b>
314-102-0104	Автомобильдік жүрістегі крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 25 т	маш.-сағ	
331-101-0103	Бортты автомобильдер, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін	маш.-сағ	
<b>2</b>	<b>Көтеру биіктігі 18 м-ге дейін болғанда материалдарды ж/к 10 тонна мұнаралы кранмен беру</b>	<b>т</b>	<b>0,028</b>
314-101-0104	Мұнаралы крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т, көтеру биіктігі 75 м-ге дейін, жебенің ең жоғары шығымы 65 м-ге дейін	маш.-сағ	
<b>3</b>	<b>Диаметрі 40 мм-ге дейінгі құбырларды төсеу</b>	<b>м құбыр</b>	<b>10</b>

*А.3.1- кестенің соңы*

1	2	3	4
214-209-0607	Дәнекерлеуге (балқытуға) арналған төмен көміртекті дәнекерлеу сымы, МЕМСТ 224670, беткі қабаты мыспен қапталмаған, диаметрі 4 мм	кг	0,02
217-105-0102	Бұрандалары бар әмбебап полипропиленді дюбель	кг	0,033
217-605-0101	Техникалық газ тәрізді оттегі МЕМСТ 5583-78	м3	0,035
217-605-0108	Газ тәрізді техникалық ацетилен МЕМСТ 5457-75	м3	0,032
241-101-0206	Кәдімгі дәнекерленген су-газ өткізетін болат құбыр МЕМСТ 3262-75 өлшемдері 40х3, 0 мм	м	10
241-216-0306	Диаметрі 39-46, резеңке тығыздағышы бар құбырларды бекітуге арналған қамыт	дана	3,3
315-202-0500	Газбен дәнекерлеуге және кесуге арналған аппарат	маш.-сағ	
343-302-0101	Электр перфораторы	маш.-сағ	

#### **4 Еңбек шығындары мен машина уақыты нормаларының қорытындысы**

4.1 Болат құбырлардан жасалған газбен жабдықтаудың ішкі құбырларын төсеу бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған еңбек шығындары мен машина уақыты нормаларының қорытындысы жүргізілген хронометраждық жұмыстар негізінде орындалды.

4.2 Технологиялық процесс элементінің өлшеуішіне еңбек шығындарының нормасы (Н еш, адам-сағат) мына формула бойынша есептеледі:

$$H_{\text{еш}} = (E_{\text{жед}} \times 100) / (\{100 - (H_{\text{дкж}} + H_{\text{т}} + H_{\text{тү}})\} \times 60),$$

мұндағы Ежед – технологиялық процес элементінің өлшеуішіне жедел жұмысқа арналған еңбек шығындары қатарының орташа мәні, адам-мин.;

Ндкж – дайындық-қорытынды жұмысқа арналған норматив, жедел жұмысқа арналған нормаланатын шығындардың пайызымен;

Нт – тынығуға және жеке қажеттіліктерге арналған норматив, жедел жұмысқа арналған нормаланатын шығындардың пайызымен;

Нтү – технологиялық үзіліске арналған норматив, жедел жұмысқа арналған нормаланатын шығындардың пайызымен. Бұл көрсеткіш дұрыс ұйымдастырылған кезде процесс технологиясының өзіндік ерекшеліктерінен туындаған технологиялық үзілістің негізделген уақыты болған жағдайда ғана ескерілуі мүмкін;

60 – адам-минуттың адам-сағатқа ауысу коэффициенті;



100 – алымда – пайыздардың үлестерге ауысуының сандық көрсеткіші;

100 – бөлгіште – еңбек шығындарындағы бөлікті анықтауға арналған сандық көрсеткіш, ол жедел жұмысқа арналған еңбек шығындары қатарының орташа мәнін құрайды.

4.3 Технологиялық процестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосалқы операциялары нормаларда ескерілді, бірақ жұмыстардың құрамында ескертілмеді.

4.4 Нормаларда дайындық-қорытынды жұмыстарға (ДҚЖ), технологиялық үзілістерге, демалуға және жеке қажеттіліктерге үзілістерге арналған жұмыс уақытының шығындары ескерілген.

**А.3.2 кестесі – Еңбек шығындары мен машина уақыты нормаларының қорытындысы**  
**Диаметрі 40 мм-ге дейінгі құбырларды төсеу**

Процесс өлшеуіші: 10  
Процесс өлшем бірлігі: м

Процестің технологиялық операциясының (элементінің) атауы	Байқау нөмірі				Өлшеуіш ке шығында рдың орташа мәні (E_жед)	Дайындық - қорытынды жұмысқа арналған норматив (H_дж)	Тынығуға және жеке қажеттілік терге арналған норматив (H_т)	Техноло гиялық үзілісте рге арналға н нормати в (H_тү)	Еңбек шығындарын ың (адам-сағ.) немесе машина уақытының (маш.-сағ.) нормасы
	1	2	3	жиыны					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан ж/к 25 тонна автомобиль кранымен түсіру /т/</b>									
Адам-мин. еңбек шығындары	0,18	0	0	0,18					
Өлшеуішке орындалған жұмыстардың көлемі	0,028	0	0	0,028					
60 адам-мин. келетін жұмыстардың көлемі	9,333	0	0	9,333					
Элемент өлшеуішіне еңбек шығындары, адам-мин.	6,429	0	0	6,429	6,429	0	0	0	
$H_{еш} = (E_{жед} \times 100) / ((100 - (H_{дж} + H_{т} + H_{тү})) \times 60)$									0,107

*А.3.2- кестенің жалғасы*

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Автомобильдік жүрістегі крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 25 т	0,18	0	0	0,18					
Өлшеуішке орындалған жұмыстардың көлемі	0,028	0	0	0,028					
60 маш.-мин. келетін жұмыстардың көлемі	9,333	0	0	9,333					
Элемент өлшеуішіне машина уақытының шығындары, маш.- мин.	6,429	0	0	6,429	6,429	0	0	0	
$H_{еш} = (E_{жед} \times 100) / (\{100 - (H_{дқж} + H_m + H_{тү})\} \times 60)$									0,107
Бортты автомобильдер, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін	0,18	0	0	0,18					
Өлшеуішке орындалған жұмыстардың көлемі	0,028	0	0	0,028					
60 маш.-мин. келетін жұмыстардың көлемі	9,333	0	0	9,333					
Элемент өлшеуішіне машина уақытының шығындары, маш.- мин.	6,429	0	0	6,429	6,429	0	0	0	
$H_{еш} = (E_{жед} \times 100) / (\{100 - (H_{дқж} + H_m + H_{тү})\} \times 60)$									0,107
<b>Көтеру биіктігі 18 м-ге дейін болғанда материалдарды ж/к 10 тонна мұнаралы кранмен беру /т/</b>									
Адам-мин. еңбек шығындары	0,351	0	0	0,351					
Өлшеуішке орындалған жұмыстардың көлемі	0,028	0	0	0,028					
60 адам-мин. келетін жұмыстардың көлемі	4,786	0	0	4,786					
Элемент өлшеуішіне еңбек шығындары, адам-мин.	12,536	0	0	12,536	12,536	0	0	0	
$H_{еш} = (E_{жед} \times 100) / (\{100 - (H_{дқж} + H_m + H_{тү})\} \times 60)$									0,209

### А.3.2- кестенің жалғасы

[illegible]

*А.3.2- кестенің соңы*

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Электр перфораторы	4	4	4	12					
Өлшеуішке орындалған жұмыстардың көлемі	10	10	10	30					
60 маш.-мин. келетін жұмыстардың көлемі	150	150	150	450					
Элемент өлшеуішіне машина уақытының шығындары, маш.- мин.	0,4	0,4	0,4	1,2	0,4	6	10	0	
$H_{еш} = (E_{жед} \times 100) / (\{100 - (H_{дқж} + H_{т} + H_{тү})\} \times 60)$									0,007

## **А.2 Үй-жайлардың ішіндегі қабырғаларды құрғақ қоспалардан жасалған желімдегі гранит (мәрмәр) тақташалармен қаптау**

### **1 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары**

#### **1.1 Гранит және мәрмәр тақталар**

Гранит және мәрмәр тақталар – бұл тау жыныстарының блоктарынан немесе дайындамаларынан оларды аралау арқылы немесе тау жыныстарының массивін қабаттар бойынша бөлшектеу нәтижесінде алынатын және ғимараттар мен құрылыстардың элементтерін сыртқы және ішкі қаптауға, едендер құрылысына, сондай-ақ сәулет-құрылыс және салттық бұйымдарға қайта өңдеуге арналған қаптау тақталары.

Осы технологиялық процестерді нормалаудың нәтижелері (бұдан әрі мәтін бойынша - ТПНН) үй-жайлар ішіндегі қабырғаларды алдын ала тегістелген бетке құрғақ қоспалардан жасалған желімде қалыңдығы 20 мм-ге дейінгі граниттен (мәрмәрдан) жасалған жылтыратылған модульдік тақталармен қаптауды қарастырады.

Қаптау тақталары келесі түрлерде мен типтік өлшемдерде дайындалады:

- модульдік тақталар – жақтарының арақатынасы 1:1,5 және 1:2 төртбұрышты немесе тікбұрышты пішінді, 300 немесе 305 мм модульдік өлшемге еселенген, соған сәйкес қалыңдығы 8-20 мм болғанда миллиметрмен келесі өлшемдердегі біріздендірілген бұйымдар: 300 × 300, 305 × 305, 300 × 450, 300 × 600, 305 × 610, 600 × 600, 610 × 610.

Стандартты өлшемдерден басқа, гранит (мәрмәр) тақталар тапсырыс бойынша дайындалуы мүмкін. Стандартты емес өлшемдер әсіресе дизайнерлік жобаларды іске асыруда және күрделі беткі қабаттарды қаптауда сұранысқа ие.

Тақталардың өлшемдері дайындаушының тұтынушымен келісімі бойынша белгіленеді. Тұтынушының келісімі бойынша тақталардың басқа өлшемдеріне рұқсат етіледі.

Қаптау тақталарында беткі қабат фактурасының келесі түрлері болуы мүмкін:


- жылтыратылған - айнадай жылтыр, тастың түсі, суреті және құрылым толықтай айқын, алдыңғы операция кезінде өңдеу іздері жоқ заттардың айқын көрінісімен;
- жылтыр - тегіс күңгірт, алдыңғы операцияның өңдеу іздері жоқ, тас суреті толықтай айқын;
- ажарланған.

Тұтынушының келісімі бойынша алдыңғы беткі қабаттың басқа да фактураларына рұқсат етіледі.

Гранит және мәрмәр тақталар сипаттамалары бойынша МЕМСТ 9480-2012 «Табиғи тастан жасалған тақталар. Техникалық шарттар» талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Гранит тастың сәндік ерекшеліктеріне оның түсі, суреттің болуы және түйіршікті құрылымдары, сондай-ақ беткі қабаттың фактуралары жатады. Табиғи граниттің түсі әртүрлі: қызыл, қызғылт-сұр, сұр, жасыл реңктерге ие. Бәрі тау жыныстарына кіретін минералдардың құрамына және олардың үйлесіміне байланысты.

Гранит тақтаның жалпы көрінісі 1-суретте көрсетілген.



**1-сурет - Гранит тақтаның жалпы көрінісі**

Қабырғаларға арналған мәрмәр тақта ерекше жылтыр мен бірегей табиғи текстуралы. Мәрмәр құрамында тау жынысының түсін анықтайтын белгілі бір мөлшерде әртүрлі қоспалар болуы мүмкін.

Мәрмәр тақтаның жалпы көрінісі 2-суретте көрсетілген.



**2-сурет - Мәрмәр тақтаның жалпы көрінісі**

Тақтаның түсі құрылымдық-текстуралық ерекшелікпен ақ, ашық сұр, сұр, қара сұр түсті реңктерде болуы мүмкін. Гранит және мәрмәр тақталардың негізгі сипаттамалары А. 2.1 кестесінде келтірілген.

#### А.2.1 кестесі – Гранит және мәрмәр тақталардың негізгі сипаттамалары

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Мәні	
		<i>Гранит тақталар</i>	<i>Мәрмәр тақталар</i>
1	Тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	2600 - 2800	2200 - 2700
2	Су сіңіруі, %	0,1 – 0,2	0,3 – 1,0
3	Кеуектілігі, %	1,5-ке дейін	0,6 – 3,5
4	Қаттылығы, Моос шәкілі бойынша балл	6 - 7	3 - 4
5	Қысуға беріктігінің шегі, МПа	250 - 300	100 - 250
6	Аязға төзімділігі, циклдер	50 - 200	25 - 100
7	Желінушілігі, г/см <sup>2</sup>	0,15-ке дейін	0,4 – 3,2

Ескертпе. Техникалық сипаттамалар кен орны мен тас түріне байланысты.

А класына жатқызылған табиғи тастан жасалған құрылыс материалдары тұрғын және қоғамдық ғимараттардың құрылысында қолданылады.

##### *Тасымалдау және сақтау*

Тақталар автомобиль, теміржол және су көлігімен нақты көлік түрінде қолданылатын жүктерді тиеу, бекіту және тасымалдау қағидаларына сәйкес тасымалданады.

Тақталар механикаландырылған тиеуге және түсіруге бейімделген жәшіктерде, жәшік түпқоймаларында немесе тасымалдау пакеттерінде тасымалданады. Тақталарды тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде оларды ластанудан және зақымданудан сақтандыратын шаралар қабылдануға тиіс.

Тақталар дайындаушы кәсіпорында және тұтынушыда қалқа астында немесе суды бұруды және тақталарды зақымданудан, ластанудан және ылғалданудан қорғауды қамтамасыз ететін ашық жоспарланған алаңдарда сақталады. Қоймаларда ыдыссыз сақтау кезінде тақталар ағаш төсемдерге бір-біріне бетестіріліп тік күйде орнатылуы керек. Жылтыратылған тақталардың арасына қағаз немесе ағаш төсемдер төселеді.

Аязға төзімділігі бойынша маркасы F25 және одан төмен тау жыныстарынан жасалған тақталар оларды температураның күрт өзгеруінен және атмосфералық жауын-шашыннан қорғайтын жағдайларда сақталуға тиіс.

Жеткізілетін тақталардың әрбір легінің сапа туралы ілеспе құжаты болуы керек. Тақталар дайындаушы кәсіпорынның қаптамасында жеткізіледі.

### 1.2 Құрғақ желім қоспалары

Зауыт жағдайында құрамында ғимараттар мен құрылыстарды салу, реконструкциялау және жөндеу кезінде қолданылатын қоспа массасының 5%-ынан аспайтын полимерлі қоспалары бар портландцемент клинкерінің негізінде цемент тұтқырда немесе оның негізінде аралас (күрделі) тұтқырда, сазбалшықты цементте дайындалатын құрғақ желім қоспалары.

Құрғақ қоспаны дайындау және қолдану оңай. Сумен сұйылтылғаннан кейін бірден қоспа қолдануға жарамды болады және қабырғаларды, бассейндерді, субұрқақтарды үлкен өлшемді керамикалық тақташамен, керамогранитті тақташамен, бетон және басқа минералды негіздерге арналған сәндік кірпіштермен, мәрмәр және тас тақталармен қаптау үшін қолданылады.

Құрғақ желім қоспасының жалпы көрінісі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет - Құрғақ желім қоспасының жалпы көрінісі

Құрғақ желім қоспаларының негізгі сипаттамалары А.2.2 кестесінде келтірілген.

#### А.2.2 кестесі – Құрғақ желім қоспаларының негізгі сипаттамалары

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Мәні
1	Түсі	Сұр
2	Толтырғыштың ең үлкен ірілігі, мм	0,63



*А.2.2- кестенің соңы*

1	2	3
3	Араластыру кезіндегі арақатынас, 25 кг құрғақ қоспаға л су	5,5 – 5,8
4	Материалдың шығысы, қабаттың қалыңдығы 3-5 мм болған кезде 1 м2 кг	5 - 8
5	Ерітіндінің өміршендігі, сағат	2
6	Негізге ілінісу беріктігі, Мпа, кемінде	1,2
7	Қысуға беріктігі, Мпа, кемінде	10
8	Қолдану температурасы, °С	+5-тен +30-ға дейін

Ескертпе. Материалдың техникалық сипаттамалары мен шығысы өндірушіге байланысты.

*Тасымалдау және сақтау*

Құрғақ қоспалар көліктің осы түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау және бекіту қағидаларына сәйкес әралуан көлік түрлерімен түпқоймаларда тасымалданады.

Тасымалдаудың қолданылатын тәсілдері атмосфералық жауын-шашынның тию мүмкіндігін болдырмауы, сондай-ақ қаптаманы механикалық зақымданудан және бүтіндігінің бұзылуынан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Желім қоспаларын әртүрлі типтегі қойма үй-жайларында өнімнің ылғалданудан және сыртқы түрінің жоғалтудан қорғауды қамтамасыз ететін өндірушінің қаптамасында сақтау керек.

### **1.3 Тегістегіш**

Терең енетін тегістегіш – бұл негізге ерітінді қоспасының адгезиясын арттыру үшін беткі қабаттарды өңдеуге арналған арнайы сұйық құрам.

Ол сіңіргіш негіздердің барлық түрлерін: цемент сылақтары мен тұтастырыштарды, әк және гипс сылақтарын, жеңіл және кеуекті бетон, кірпіш пен табиғи тастан қалауды, сүрек-жоңқалы және сүрек-талшықты тақталарды, гипсокартонды және т.б. өңдеу үшін қолданылады.

Тегістегіштің негізгі сипаттамалары А.2.3 кестесінде келтірілген.

## **А. 2.**

### 3 кестесі - Тегістегіштің негізгі сипаттамалары

№ P/c	Параметрлері	Мәні
1	Түсі	ашық сары
2	Қолдану температурасы, °C	+5-тен +35-ке дейін
3	Негіздің сіңіру қабілетіне байланысты 1 қабатқа шығысы, кг / м <sup>2</sup>	0,1 – 0,2
4	Кептіру уақыты, сағат	2-ден 6-ға дейін

Ескертпе. Материалдардың техникалық сипаттамалары өндірушіге байланысты.

Тегістегіш концентрацияланған немесе пайдалануға дайын түрде жеткізіледі және пластмасса ыдысқа салынады.

*Тасымалдау және сақтау*

Тегістегіш көліктің тиісті түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалданады. Тасымалдау тәсілі тегістегішті атмосфералық жауын-шашыннан қорғауды және ыдыстың механикалық зақымданудан сақталуын қамтамасыз етуі керек.

#### 1.4 Жапсарларға арналған толтырғыш

Толтырғыш – бұл толтырғыштың технологиялық ерекшеліктері байланысты болатын ақ немесе сұр цемент, полимерлер, сондай-ақ жапсарлардың реңкін қамтамасыз ететін әртүрлі пигменттер негізіндегі паста немесе ұнтақ.

Тақталар арасындағы жапсарларды толтыру үшін табиғи, жасанды тас және керамикалық тақташаға арналған толтырғыш қолданылады.

Жапсарларды толтыруға арналған толтырғыштың негізгі сипаттамалары А.2.4 кестесінде келтірілген.

#### А.2.4 кестесі – Жапсарларды толтыруға арналған толтырғыштың негізгі сипаттамалары

№ P/c	Параметрлері	Мәні
1	Жапсардың ені, мм	1-ден 6-ға дейін
2	Кебу уақыты, сағат, артық емес	24
3	Су шығысы, 1 кг қоспаға л су	0,32 – 0,4
4	Қысуға беріктігі, Мпа	7,5
5	Жарамдылық, дайындағаннан кейін бірнеше сағат ішінде	1,5

*А.2.4- кестенің соңы*

1	2	3
6	Қолдану температурасы, °С	+5-тен +30-ға дейін

Ескертпе. Материалдардың техникалық сипаттамалары өндірушіге байланысты. Толтырғыш шығысы өндірушіге, жапсарлар мен тақталардың қалыңдығына байланысты.

*Тасымалдау және сақтау*

Толтырғыштар көліктің тиісті түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалданады.

Толтырғыштар жабық қойма үй-жайларында сақталады.

## 1.5 Су

Желімді ерітінді қоспаларын дайындау үшін пайдаланылатын су МЕМСТ 23732-2011 талаптарына сәйкес келуі керек.

Міндетті сертификаттауға жататын материалдардың ҚР сәйкестік сертификаты болуы тиіс. Қолдану тәжірибесі жоқ және республика аумағында қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттары жоқ импортталатын құрылыс материалдары мен бұйымдарының ҚР сәйкестік сертификаты болуы тиіс.

## 2 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

### 2.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

2.1.1 Үй-жайлардың ішіндегі қабырғаларды құрғақ қоспалардан жасалған желімдегі гранит (мәрмәр) тақталармен қаптау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезінде ҚР ҚН 1.03-00-2022, ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 2.04-05-2014 басшылыққа алу керек және оларды жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкес орындау қажет.

2.1.2 Жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін келесі жұмыстар орындалуы керек:

- қаптау құрылысының алдындағы құрылыс-монтаждау, әрлеу және арнайы жұмыстарды аяқтау;
- қабырғалардағы, арақабырғалардағы және аражабындардағы, құбырлардың өтетін жерлеріндегі барлық уақытша тесіктер бітелуі керек;
- жауапты жұмыстарды орындаушыны тағайындау;
- материалдардың сапасына кіріс бақылауын жүзеге асыру;
- негізасты бетін қабылдау актісін жасай отырып, негізді қаптауға қабылдау;
- бригадирлерді жобалау құжаттамасымен таныстыру;
- жұмысшыларды жеке қорғану құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз ету;

- құрылыс алаңын өртке қарсы мүкәммалмен және сигнал беру құралдарымен қамтамасыз ету;
- жұмыстарды жүргізу аймағына қажетті материалдарды, құралдарды, құрылғыларды жеткізу.

Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитариялық гигиена және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, өндірістік процесс талаптарына және жұмыстарды орындау жағдайларына сәйкес дайындалуға тиіс.

2.1.3 Үй-жайлардың ішіндегі қабырғаларды құрғақ қоспалардан жасалған желімдегі гранит (мәрмәр) тақталармен қаптау бойынша жұмыстарды мына құрамдағы буын орындайды:

- 3-разрядты сырлаушы – 1 адам;
- 2-разрядты табиғи таспен қаптаушы - 1 адам;
- 3-разрядты табиғи таспен қаптаушы – 1 адам;
- 4-разрядты табиғи таспен қаптаушы – 1 адам.

Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:

- 2-разрядты жүк ілдіруші – 2 адам;
- 2-разрядты көмекші жұмысшы – 1 адам;
- 6-разрядты автомобиль кранының машинисі – 1 адам;
- 5-разрядты мұнаралы кран машинисі – 1 адам;
- 4-разрядты бортты автомобиль жүргізушісі – 1 адам.

Электр жабдықтарымен жұмыс істейтіндердің электр қауіпсіздігі бойынша 1 біліктілік тобы болуы тиіс.

## **2.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы**

Үй-жайлардың ішіндегі қабырғаларды құрғақ қоспалардан жасалған желімдегі гранит (мәрмәр) тақталармен қаптау бойынша жұмыстар мынадай технологиялық ретпен орындалуға тиіс:

а) дайындық жұмыстары.

б) негізгі жұмыстар:

- *беткі қабатты тазалау және тегістеу;*
- *желім құрамын дайындау;*
- *қабырғаларды тақталармен қаптау;*
- *тақталар арасындағы жапсарларды толтыру.*

в) қосалқы жұмыстар

- *материалдарды түсіру, беру және тасу.*

г) қорытынды жұмыстар.

### **2.2.1 Дайындық жұмыстары**

Жұмыстарды жүргізушіден тапсырма алғаннан кейін және мақсатты нұсқамаларды өткізгеннен, жұмыс сызбаларымен танысқаннан кейін, жұмысшылар жеке қорғана құралдарын, материалдарды, құралдарды алады, жұмыс басталар алдында электр құралдарын тексеріп, сынап көреді.

### **2.2.2 Негізгі жұмыстар**

Ішкі қабырғаларды қаптау кезінде табиғи таспен жұмыс істеуге арналған арнайы желім құрамдары мен толтырғыштар қолданылады. Олар сенімді ілінісуді және қаптаманың төзімділігін қамтамасыз етеді. Қаптауға жататын конструкциялардың беттерінде рұқсат етілгеннен асатын ауытқулар болмауға тиіс.

Тақташамен қапталатын негіздер тегіс, берік және көрінетін бүлінулерсіз болуы керек. Беріктігі бойынша негіз салынатын жабынның беріктігінен кем болмауға тиіс.

*Беткі қабатты тазалау*

Жұмыстарды орындауды бастамас бұрын негіздердің бетін шаңнан, ластанудан, желімдегіш қоспалардың негізге ілінісуіне кедергі келтіретін заттардан тазарту қажет.

*Беткі қабатты тегістеу*

Қаптауды орындамас бұрын негіздің беті тегістегішпен өңделеді. Тегістегіш концентрат түрінде қолданылады, қолданар алдында оны қамтамада көрсетілген ұсынымдарға сәйкес қатынаста таза сумен сұйылту және мұқият араластыру керек.

Тегістегіш жаққышпен немесе білікшемен бос қуыс қалдырмай біркелкі етіп жағылады. Тегістегіш қабаттарының саны беткі қабаттың сіңіргіштігіне байланысты және 1-2 қабатты құрайды. Қатты шаңданатын және гигроскопиялық негіздер 2-3 сағат аралықпен екі рет тегістеледі. Тегістің кебу уақыты орта жағдайлары мен негіз құрылымына байланысты 30 – 60 минут.

*Қабырғалардың бетін белгілеу, маяктарды орнату*

Ол үшін үй-жайдың бүкіл периметрі бойымен қабырғаларға таза еден белгілері қойылады. Шығарылған белгілерге сәйкес ағаш рейкалар орнатылып, олар қабырғаға бекітіледі. Тақталарды төсеудің тіктігін бақылау үшін бүйірлік шеткі қатарларды бойлай тік баусымдар тартылады. Тік баусымдар екі қадашықтың арасына тартылады. Қадашықтар үстіңгі және астыңғы қадашықтар арасындағы сызықтар қатаң түрде тік болатындай етіп қапталатын қабырғаның бұрыштарының жоғарғы және төменгі жағына орнатылады. Тіктік деңгеймен бақыланады. Тақташалардың бірінші қатарының жоғарғы белгісі қабырғаға шығарылады. Осы белгіге қабырғаның қарама-қарсы бұрыштарында екі қадашық қағылады, олардың арасында көлденең бағыттауыш баусым тартылады. Тақташалардың бірінші көлденең қатары (маяк) рейкалар мен бағыттауыш баусымдарға орнатылады.

*Желім құрамын дайындау*

Желім құрамын дайындау өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Құрамдар тікелей қолданар алдында дайындалады, алдымен ыдысқа қажетті мөлшерде су құйылады, содан кейін суға біртіндеп құрғақ қоспаның қажетті мөлшері салынады және саптамасы бар төмен айналымды бұрғының көмегімен кесектерсіз біртекті масса алынғанша араластырылады. Қоспа 5-10 минут бойы ұсталады және қолданар алдында қайта араластырылады.

Желім ерітіндісін дайындау 4-суретте көрсетілген.



**4-сурет - Желім құрамын дайындау**

#### *Қабырғаларды тақталармен қаптау*

Тақта қапталмас бұрын орауы шешіліп, геометриялық өлшемдерге сәйкестігі, кетіктердің, жарықшақтардың жоқтығы тексеріледі. Тақталар жобалық шешімге сәйкес түсі мен реңктері бойынша сұрыпталады.

Желім қабырға аймағына және тақтаның сырт жағына тісті қалақшаның көмегімен тұтас қабатпен жағылады. Әрі қарай тақташалардың бірінші көлденең қатары (маяк) рейкаларға және салынған белгі бойынша орнатылады, қабырғаға мықтап басылып, жақсы ілінісу үшін оның беті резеңке балғамен аздап ұрылады, шамалы бұрылысты қозғалыстармен оның астынан артық желім сығып алынады. Тақташалардың бірінші қатары құрылыс деңгейімен тегістігін, тіктігін және көлденеңдігін бақылай отырып салынған белгі бойынша орнатылады. Кейінгі қаптау тақталары көлденең қатарлармен орнатылады. Тақталарды төсеу кезінде жапсарлардың нақты өлшемі жапсарларға немесе арнайы сыналарға арналған айқаршықтардың көмегімен белгіленеді. Тақталарды қаптау жобаға сәйкес «жапсарға жапсар», «байланып», «диагональ бойымен» орындалады.

Жұмыс барысында толық өлшемсіз тақталар қажет, олар бүтін тақталардан алынады. Ол үшін алдымен заттан қажетті өлшемдер алынып, тақтадағы кесу сызығы маркермен белгіленеді, содан кейін тақташа тас кескіш станоктың көмегімен салынған белгі бойынша кесіледі.

Қабырғаларды гранит (мәрмәр) тақталармен қаптау 5-суретте көрсетілген.



## 5-сурет - Қабырғаларды гранит (мәрмәр) тақталармен қаптау

Барлық жапсарлар тегіс, бірдей енді болуы және толтырғышпен толық толтырылуы керек.

### *Жапсарларды толтыру*

Толтырғыш тақталар арасындағы жапсарларды толтыру үшін қолданылады. Гранит (мәрмәр) тақталардың жапсарлары оларды төсегеннен кейін 24-48 сағаттан ерте толтырылмайды. Қолданар алдында толтырғыш өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес дайындалады. Ол үшін құрғақ толтыру қоспасы біртіндеп суға салынып, масса мұқият араластырылады. Ерітіндінің консистенциясын бақылап отыру қажет. Қоспа 10 минут бойы ұсталып, қайта араластырылады.

Толтырғыш диагональ қозғалыстармен жапсарларға терең жағылады (басылады) және жапсарларда резеңке қалақшамен толық толтырылғанға дейін тығыздалады. Қоспа ішінара қатайғаннан кейін қаптау беті ысқышпен толтырғыш қалдықтарынан тазартылады және сумен жуылады. Жапсарлар толықтай құрғағаннан кейін беткі қабат мақта шүберекпен түпкілікті ажарланады.

### 2.2.3 Қосалқы жұмыстар

Құрылыс алаңында көлік құралдарынан материалдарды түсіру жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен, материалдарды қабаттарға көтеру жүк көтергіштігі 10 тонна мұнаралы кранмен жүзеге асырылады. Материалдар бір қабаттың шекарасындағы жұмыстарды жүргізу орындарына қол арбалармен тасып жеткізіледі.

### 2.2.4 Қорытынды жұмыстар

Жұмыс ауысымының соңында жұмысшылар өздерінің жұмыс орындарын қоқыстан тазартады, мүкәммалды тазалап, құрал-саймандар мен мүкәммалды қоймаға тапсырады.

## 3. Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі

3.1 Технологиялық операциялардың тізбесі мен жұмыстардың көлемі А.2.5, А.2.6, А.2.7, А.2.8, А. 2.9, А. 2.10, А. 2.11, А. 2.12 кестелерінде келтірілген.

### А.2.5 кестесі – Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі М2 тақталар саны 3 данаға дейін болғанда гранит тақталармен

*Процесс өлшеуіші: 100  
Процесс өлшем бірлігі: м2*

Код	Операциялар тізбесі	Өлшем бірлігі	Жұмыстардың көлемі
1	2	3	4



## А.2.5- кестенің жалғасы

1	2	3	4
<b>1</b>	<b>Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
314-102-0104	Автомобильдік жүрістегі крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 25 т	маш.-сағ	
331-101-0103	Бортты автомобильдер, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін	маш.-сағ	
<b>2</b>	<b>Материалдарды жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін мұнаралы крандармен 18 м-ге дейінгі биіктікке беру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
314-101-0104	Мұнаралы крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т, көтеру биіктігі 75 м-ге дейін, жебенің ең жоғары шығымы 65 м-ге дейін	маш.-сағ	
<b>3</b>	<b>Материалдарды қол арбалармен 30 м-ге дейінгі қашықтыққа тасымалдау</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
<b>4</b>	<b>Қабырғалардың бетін білікпен бір рет шаңнан тазарту және тегістеу.</b>	<b>м2 беткі қабат</b>	<b>100</b>
236-101-0116	Ішкі және сыртқы жұмыстарға арналған терең енетін сулы-дисперсиялық акрильдік төсеме бояу ҚР СТ ГОСТ Р 52020-2007	кг	15
<b>5</b>	<b>Электр бұлғауыштың көмегімен желім ерітіндісін дайындау</b>	<b>кг</b>	<b>800</b>
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,184
313-401-0302	Қол құрылыс электр бұлғауышы, қуаты 1400 Вт-қа дейін, айналым саны минутына 810 айналымға дейін	маш.-сағ	
<b>6</b>	<b>Қабырғаларды жылтыратылған гранит тақталармен қаптау (өлшемі 600x600 мм)</b>	<b>м2 қаптау беті</b>	<b>100</b>
231-201-0101	Граниттен жасалған жылтыратылған, араланған қаптау тақташасы МЕМСТ 9480-2012, қалыңдығы 20 мм	м2	100
232-502-0102	Тақта үшін күшейтілген құрғақ желім қоспасы ҚР СТ 1168-2006	кг	800
<b>7</b>	<b>Тақталарды тас кесетін станокпен кесу</b>	<b>м</b>	<b>30</b>
341-401-0101	Әмбебап тас кесетін станоктар	маш.-сағ	
<b>8</b>	<b>Тақталар арасындағы жапсарларды толтыру</b>	<b>м жапсар</b>	<b>333,3</b>

*А.2.5-- кестенің соңы*

1	2	3	4
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,004
232-504-0102	Тақташалардың жапсарларын толтыруға арналған сұр түсті құрғақ қоспа ҚР СТ 1168-2006	кг	12,1

**А.2.6 кестесі – Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі  
М2 тақталар саны 6 данаға дейін болғанда гранит тақталармен**

*Процесс өлшеуіші: 100  
Процесс өлшем бірлігі: м2*

Код	Операциялар тізбесі	Өлшем бірлігі	Жұмыстардың көлемі
1	2	3	4
<b>1</b>	<b>Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
314-102-0104	Автомобильдік жүрістегі крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 25 т	маш.-сағ	
331-101-0103	Бортты автомобильдер, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін	маш.-сағ	
<b>2</b>	<b>Материалдарды жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін мұнаралы крандармен 18 м-ге дейінгі биіктікке беру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
314-101-0104	Мұнаралы крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т, көтеру биіктігі 75 м-ге дейін, жебенің ең жоғары шығымы 65 м-ге дейін	маш.-сағ	
<b>3</b>	<b>Материалдарды қол арбалармен 30 м-ге дейінгі қашықтыққа тасымалдау</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
<b>4</b>	<b>Қабырғалардың бетін білікпен бір рет шаңнан тазарту және тегістеу.</b>	<b>м2 беткі қабат</b>	<b>100</b>
236-101-0116	Ішкі және сыртқы жұмыстарға арналғанр терең енетін сулы-дисперсиялық акрильдік төсеме бояу ҚР СТ ГОСТ Р 52020-2007	кг	15
<b>5</b>	<b>Электр бұлғауыштың көмегімен желім ерітіндісін дайындау</b>	<b>кг</b>	<b>800</b>

## А.2.6- кестенің соңы

1	2	3	4
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,184
313-401-0302	Қол құрылыс электр бұлғауышы, қуаты 1400 Вт-қа дейін, айналым саны минутына 810 айналымға дейін	маш.-сағ	
<b>6</b>	<b>Қабырғаларды жылтыратылған гранит тақталармен қаптау (өлшемі 300x600 мм)</b>	<b>м2 қаптау беті</b>	<b>100</b>
231-201-0101	Граниттен жасалған жылтыратылған, араланған қаптау тақташасы МЕМСТ 9480-2012, қалыңдығы 20 мм	м2	100
232-502-0102	Тақта үшін күшейтілген құрғақ желім қоспасы ҚР СТ 1168-2006	кг	800
<b>7</b>	<b>Тақталарды тас кесетін станокпен кесу</b>	<b>м</b>	<b>30</b>
341-401-0101	Әмбебап тас кесетін станоктар	маш.-сағ	
<b>8</b>	<b>Тақталар арасындағы жапсарларды толтыру</b>	<b>м жапсар</b>	<b>500</b>
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,006
232-504-0102	Тақташалардың жапсарларын толтыруға арналған сұр түсті құрғақ қоспа ҚР СТ 1168-2006	кг	18,2

**А.2.7 кестесі – Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі**  
**М2 тақталар саны 8 данаға дейін болғанда гранит тақталармен**

*Процесс өлшеуіші: 100*  
*Процесс өлшем бірлігі: м2*

Код	Операциялар тізбесі	Өлшем бірлігі	Жұмыстардың көлемі
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
<b>1</b>	<b>Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>

*А.2.7- кестенің жалғасы*

1	2	3	4
314-102-0104	Автомобильдік жүрістегі крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 25 т	маш.-сағ	
331-101-0103	Бортты автомобильдер, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін	маш.-сағ	
<b>2</b>	<b>Материалдарды жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін мұнаралы крандармен 18 м-ге дейінгі биіктікке беру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
314-101-0104	Мұнаралы крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т, көтеру биіктігі 75 м-ге дейін, жебенің ең жоғары шығымы 65 м-ге дейін	маш.-сағ	
<b>3</b>	<b>Материалдарды қол арбалармен 30 м-ге дейінгі қашықтыққа тасымалдау</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
<b>4</b>	<b>Қабырғалардың бетін білікпен бір рет шаңнан тазарту және тегістеу.</b>	<b>м2 беткі қабат</b>	<b>100</b>
236-101-0116	Ішкі және сыртқы жұмыстарға арналғанр терең енетін сулы-дисперсиялық акрильдік төсеме бояу ҚР СТ ГОСТ Р 52020-2007	кг	15
<b>5</b>	<b>Электр бұлғауыштың көмегімен желім ерітіндісін дайындау</b>	<b>кг</b>	<b>800</b>
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,184
313-401-0302	Қол құрылыс электр бұлғауышы, қуаты 1400 Вт-қа дейін, айналым саны минутына 810 айналымға дейін	маш.-сағ	
<b>6</b>	<b>Қабырғаларды жылтыратылған гранит тақталармен қаптау (өлшемі 300x450 мм)</b>	<b>м2 қаптау беті</b>	<b>100</b>
231-201-0101	Граниттен жасалған жылтыратылған, араланған қаптау тақташасы MEMCT 9480-2012, қалыңдығы 20 мм	м2	100
232-502-0102	Тақта үшін күшейтілген құрғақ желім қоспасы ҚР СТ 1168-2006	кг	800
<b>7</b>	<b>Тақталарды тас кесетін станокпен кесу</b>	<b>м</b>	<b>30</b>
341-401-0101	Әмбебап тас кесетін станоктар	маш.-сағ	
<b>8</b>	<b>Тақталар арасындағы жапсарларды толтыру</b>	<b>м жапсар</b>	<b>555,6</b>
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,007

*А.2.7- кестенің соңы*

1	2	3	4
232-504-0102	Тақташалардың жапсарларын толтыруға арналған сұр түсті құрғақ қоспа ҚР СТ 1168-2006	кг	20,3

**А.2.8 кестесі – Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі  
М2 тақталар саны 12 данаға дейін болғанда гранит тақталармен**

*Процесс өлшеуіші: 100  
Процесс өлшем бірлігі: м2*

Код	Операциялар тізбесі	Өлшем бірлігі	Жұмыстардың көлемі
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
<b>1</b>	<b>Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
314-102-0104	Автомобильдік жүрістегі крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 25 т	маш.-сағ	
331-101-0103	Бортты автомобильдер, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін	маш.-сағ	
<b>2</b>	<b>Материалдарды жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін мұнаралы крандармен 18 м-ге дейінгі биіктікке беру</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
314-101-0104	Мұнаралы крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т, көтеру биіктігі 75 м-ге дейін, жебенің ең жоғары шығымы 65 м-ге дейін	маш.-сағ	
<b>3</b>	<b>Материалдарды қол арбалармен 30 м-ге дейінгі қашықтыққа тасымалдау</b>	<b>т</b>	<b>4,85</b>
<b>4</b>	<b>Қабырғалардың бетін білікпен бір рет шаңнан тазарту және тегістеу.</b>	<b>м2 беткі қабат</b>	<b>100</b>
236-101-0116	Ішкі және сыртқы жұмыстарға арналған терең енетін сулы-дисперсиялық акрильдік төсеме бояу ҚР СТ ГОСТ Р 52020-2007	кг	15
<b>5</b>	<b>Электр бұлғауыштың көмегімен желім ерітіндісін дайындау</b>	<b>кг</b>	<b>800</b>
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,184

*А.2.8- кестенің соңы*

1	2	3	4
313-401-0302	Қол құрылыс электр бұлғауышы, қуаты 1400 Вт-қа дейін, айналым саны минутына 810 айналымға дейін	маш.-сағ	
<b>6</b>	<b>Қабырғаларды жылтыратылған гранит тақталармен қаптау (өлшемі 300х300 мм)</b>	<b>м2 қаптау беті</b>	<b>100</b>
231-201-0101	Граниттен жасалған жылтыратылған, араланған қаптау тақташасы МЕМСТ 9480-2012, қалыңдығы 20 мм	м2	100
232-502-0102	Тақта үшін күшейтілген құрғақ желім қоспасы ҚР СТ 1168-2006	кг	800
<b>7</b>	<b>Тақталарды тас кесетін станокпен кесу</b>	<b>м</b>	<b>30</b>
341-401-0101	Әмбебап тас кесетін станоктар	маш.-сағ	
<b>8</b>	<b>Тақталар арасындағы жапсарларды толтыру</b>	<b>м жапсар</b>	<b>666,7</b>
217-603-0104	Техникалық су	м3	0,009
232-504-0102	Тақташалардың жапсарларын толтыруға арналған сұр түсті құрғақ қоспа ҚР СТ 1168-2006	кг	25

**А.2.9 кестесі – Технологиялық операциялар тізбесі мен жұмыстардың көлемі  
М2 тақталар саны 3 данаға дейін болғанда мәрмәр тақталармен**

*Процесс өлшеуіші: 100  
Процесс өлшем бірлігі: м2*

Код	Операциялар тізбесі	Өлшем бірлігі	Жұмыстардың көлемі
1	2	3	4
<b>1</b>	<b>Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру</b>	<b>т</b>	<b>4,7</b>
314-102-0104	Автомобильдік жүрістегі крандар, ең жоғары жүк көтергіштігі 25 т	маш.-сағ	

## А.2.9- кестенің соңы

1	2	3	4
331-101-0103	Бортты автомобильдер, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін	маш.-сағ	
<b>2</b>	<b>Материалдарды жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін мұнаралы крандармен 18 м-ге дейінгі биіктікке беру</b>	<b>т</b>	<b>4,7</b>
